

Күйік және оның түрлері



Күйік деп ыстық сұйықтықтар, қышқыл-сілті, жалынның шарпуы, сәулелі ыстық, қатты ысыған заттар, электр тогы немесе электромагниттік радиацияның әсерімен теріге және одан төмен жатқан адам денесінің ұлпаларына жасалған зиянды әрекетті айтады. 50°С температураға шалдыққан теріні 5 минуттан кейін күйік шалады.



Күлдіреп іспейтін шамалы ғана күйіктер (1 дәрежедегі күйік)

Күйіктен кеп зардап
болдырмау және
ауырғанын жеңілдету
үшін күйік шалған жерді
дереу салқын суға
малыңыз. Басқадай ешбір
ем-дом жасаудың қажеті
жоқ, керек болған
жағдайда ауырғанды
жеңілдететін дәрі ретінде
аспирин ішіңіз.



Күлдіреп ісетін күйіктер (2-ші дәрежедегі күйік)
Күлдіреген жерді тесуші болмаңыз. Егер күлдіреген жер жарылып кетсе, сол жерді қайнатып салқындатылған сумен сабындап жуыңыз. Вазелинді қайнатып стерилденіз де, оны стерилдеген дәкеге жағып, күйік шалған жерге салыңыз. Егер вазелиніңіз жоқ болса, күйікті ашық күйде ұстаңыз. Күйік шалған жерге ешуақытта тоң май немесе басқадай майларды жағушы болмаңыз.



Ожоги
2
степени



Терең күйік жарақаттары (3-ші дәрежедегі күйік)

Теріні бүлдіріп, дененің ІШКІ ағзаларын жалаңаштайтын және терінің едәуір бөлігін қамтитын мұндай күйік жарақаттары өте қауіпті болып келеді. Зардап шеккен адамды сол бойда емдеу орнына жеткізу қажет. Оны ем көрсетілетін жерге жеткізгенше күйік шалған жерді ете таза шүберекпен немесе орамалмен жауып қойған жөн. Дәрігерлік білікті көмек көрсетіле алмаған жағдайда күйген жерді жоғарыда айтылғандай тәсілмен тазалап, ем жасаңыз.



Егер вазелин болмаса, күйік шалған жарақаттың бетін ашық тастап оған шаң түсіп, шыбын қонбас үшін шыт орамалмен немесе ақжаймамен жеңіл ғана бүркеп қойыңыз. Пайдаланған шүберегіңіздің таза болуын үнемі қадағалап отырыңыз, егер ол күйік жарақаттың аузынан аққан қан мен қан аралас сұйықтан ластанғандай болса, алмастырыңыз. **Күйген жерге ешуақытта малдың майын, тоң май, тері, кофе, шөп немесе нәжіс жағушы болмаңыз.**



Сақтық шаралары

Күйікке ұшырамаудың көптеген жағдайларын алдын-ала болдырмауға болады. бұл жағдайға балаларды ұрындырмаудың айрықша шараларын жасаңыз:

кішкентай балалардың оттың қасына жақындауына тыйым салыңыз;

шам, сіріңкені бала көзінен таса аулақ жерде ұстаңыз;

отта тұрған кастрюль, қазанның ұстайтын құлақтарына бала қолы жетпейтіндей болсын.